

Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 202 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 сәуірде № 22672 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 6-8) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидалары бекітілсін.

2. "Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту және "Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 452 бұйрығының күшін жою туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 167 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20232 болып тіркелген, 2020 жылғы 3 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкіде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2021 жылғы 29 сәуірдегі
№ 202 бұйрығына
қосымша

Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-8) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) құрылыс қызметі (бұдан әрі – құрылыс) – жаңа объектілер салу және (немесе) бар объектілерді (үйлерді, ғимараттар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникамен қайта жарақтандыру, реконструкциялау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу), олармен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждау (бөлшектеу), құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларын дайындау (өндіру), сондай-ақ аяқталмаған объектілер

құрылысын консервациялау мен өз ресурстарын тауысқан объектілерді кейіннен кәдеге жарату жұмыстарын жүзеге асыру жолымен өндірістік және өндірістік емес негізгі қорларды құру жөніндегі қызмет;

2) объектіні кейіннен кәдеге жарату – күрделі құрылыстың (үйдің, ғимараттың, кешеннің) пайдаланылуы (пайдалану, қолдану) тоқтатылғаннан кейін қалпына келтірілетін элементтерін (конструкцияларды, материалдарды, жабдықтарды) бір мезгілде қалпына келтіріп және қайталап пайдаланып, сондай-ақ кәдеге аспайтын элементтер мен қалдықтарды өндей отырып, бөлшектеп алу және бұзу жөніндегі жұмыстар кешені;

3) бөлшектеуге және бұзуға арналған жұмыс жүргізу жобасы (бұдан әрі – ЖЖЖ) – берілген алаңда нақты объектіні бөлшектеу және бұзу жөніндегі жұмыстардың ұтымды технологиялары мен оларды ұйымдастыру мәселелері егжей-тегжейлі пысықталатын құжаттама;

4) бұзу – бөлшектеу немесе қирату жолымен құрылыстарды немесе құрылыс элементтерін толық немесе ішінара жою;

5) өз бетінше салынған құрылыс – бұл мемлекетке тиесілі, жер учаскелері болып қалыптаспаған жерде, құрылысты жүзеге асырған тұлғаға тиесілі емес жер учаскесінде салынған, сондай-ақ бұл үшін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына, Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес қажетті рұқсат алынбай салынған тұрғын үй, басқа да құрылыс, ғимарат немесе өзге де жылжымайтын мүлік;

б) заңсыз құрылыс – бұл өндірістік, тұрғын үй, шаруашылық, гидротехникалық (су шаруашылығы) немесе тұрмыстық объектілерді жерге тиісті құқықсыз заңсыз салу.

3. Ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеу және бұзу (кейіннен кәдеге жарату) әзірленген жобалау (жобалау-сметалық құжаттама) негізінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ғимараттар мен құрылыстарды бұзуға (кейіннен кәдеге жаратуға) арналған жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде жауапкершілік деңгейі және ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10666 болып тіркелген) белгіленеді.

4. Объектінің жауапкершілік деңгейіне байланысты жобалау, құрылыс-монтаждау жұмыстарын, сондай-ақ инжинирингтік көрсетілетін қызметтер мен сараптама жұмыстарын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамада

белгіленген рұқсат құжатының (лицензия, сарапшының аттестаты, аккредиттеу куәлігі) негізінде тұлғалар орындайды.

5. Ғимараттар мен құрылыстарды бұзу кезінде ЖЖЖ дайындау ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын жүргізілген техникалық тексеру нәтижелерін ескереді.

Жаңа объектіні бір мезгілде тұрғыза отырып бұзу кезінде құрылыс Заңның 60-бабына сәйкес жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өткен жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

Егер ғимараттар мен құрылыстарды бұзу мемлекеттік инвестициялар қаражатын тарта отырып не олардың қатысуымен жүзеге асыру жоспарланған жағдайда тапсырыс беруші объектіні бұзуға сметалық құжаттаманы дайындауды қамтамасыз етеді.

6. ЖЖЖ әзірлеу Заңның 60-бабының 2-тармағында көрсетілген объектілер бойынша талап етілмейді. Сонымен қатар мұндай объектілерде бұзу меншік иесімен өз бетінше осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – Негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат (бұдан әрі – Бұзу туралы рұқсат) негізінде жүзеге асырылады.

Заңның 60-бабының 1-тармағына сәйкес қоршалған тұрғын үйдің немесе тұрғын емес ғимараттар мен құрылыстардың бір бөлігін бұзу кезінде жобаны ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өткізе отырып тұрғын үйдің немесе тұрғын емес ғимараттар мен құрылыстардың қалған бөлігін күшейту жөніндегі жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеу талап етіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.03.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ғимараттар мен құрылыстарды бұзу туралы шешім алу үшін басқа мүдделі уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу талап етілмейді.

7-1. Жергілікті атқарушы органдар техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілер бойынша берілген Бұзу туралы рұқсаттар туралы ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне қарай азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне жібереді.

Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.03.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ғимараттар мен құрылыстарды бұзуды жүзеге асыру үшін объектілерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19242

болып тіркелген) Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес сыртқы инженерлік желілерден ажырату қажет.

Объектіні сыртқы инженерлік желілерден ажыратқаннан кейін ғимараттар мен құрылыстарды бұзу ЖЖЖ сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ғимараттар мен құрылыстарды бұзу барысында құрылысқа қатысушылар адамдардың өміріне немесе денсаулығына, жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алуға арналған шаралар қабылдайды және уақытша қоршауларды, кірме жолдарды орнату және құрылыс қоқыстарын кәдеге жарату жөніндегі іс-шаралар жүргізеді.

10. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін тапсырыс беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 46-бабында белгіленген тәртіппен құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпке және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтарда № 4 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы қағидаларға сәйкес мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдарды хабардар етеді.

11. Ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеу және бұзудан кейін тапсырыс беруші (меншік иесі) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ғимараттар мен құрылыстарды бұзу актісін жасайды және үш жұмыс күн ішінде жергілікті атқарушы органдарға міндетті есепке алуға және тіркеуге ұсынады.

12. Бұзу актісі сәулет, қалақұрылысы және құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарда міндетті есепке алынуға және тіркеуге жатады.

13. Ғимараттар мен құрылыстарды бұзуға байланысты мүлікке құқықтың тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 27 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20610 болып тіркелген) Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелерінің негізінде жүзеге асырылады.

14. Жерге тиісті құқығынсыз, сол сияқты өз бетінше салу кезінде, сондай-ақ заңды күшіне енген соттың шығарылған шешімдері мен жер қатынастары және/немесе сәулет , қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың ұйғарымдары болған жағдайда Бұзу туралы шешім алу талап етілмейді.

15. Өз бетімен салынған құрылысты бұзуды өз бетімен салынған құрылысты адам, ал мұндай адам туралы мәліметтер болмаған кезде өз бетімен салынған құрылыс салынған жер учаскесінің құқық иесі жүзеге асырады.

16. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабымен реттелетін авариялық ғимараттар мен құрылыстарды бұзуға байланысты төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде Бұзу туралы шешім алу талап етілмейді.

Меншік иесі мүлік ретінде жылжымайтын мүлік объектісінің мүлікті жұмыс істеуі тоқтатылған кезде үш жұмыс күні ішінде бұл туралы сәулет және қала құрылысы саласындағы жергілікті атқарушы органды жазбаша хабардар етеді.

Иесіз жылжымайтын мүлікті есептен шығару кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы үш жұмыс күні ішінде бұл туралы жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылысы саласындағы жергілікті атқарушы органға жазбаша хабарлайды.

17. Осы Қағидалардың талаптарын орындамағаны үшін жеке, заңды тұлғалар және лауазымды тұлғалар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 20-тармағында және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 279 және 280-баптарының көзделген жауаптылықта болады.

17-1. Уәкілетті орган Қағидалар бекітілген немесе өзгерістер енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. Қағида 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.03.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

18. "Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.03.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті Негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы береді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.03.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер Негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.03.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті және құжаттарды түскен күні тіркейді. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

22. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсетіп, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

23. Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтаманы, жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжатты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

24. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің жұмыскері Негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.03.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде мемлекеттік қызмет берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің жұмыскері ұсынылған құжаттардың дұрыстығын және көрсетілетін қызмет алушының және (немесе) ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің осы Негізгі талаптардың тізбесінде бекітілген талаптарға сәйкестігін техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілер бойынша 4 (төрт) жұмыс күні ішінде, техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілер бойынша 9 (тоғыз) жұмыс күні

ішінде тексереді және 1 (бір) жұмыс күні ішінде объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес осы Қағидаларға 1-қосымшаның 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің жұмыскері өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім жайында, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша өтініш берушінің ұстаным танытуына мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетін уақыт пен орын туралы хабарлама жібереді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында оң нәтиже не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жолданады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.03.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Мемлекеттік қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

27. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын sd@nitec.kz электрондық поштасы бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу арқылы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, өтініштің әкімшілік құжатының нөмірі мен коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды бойынша ақпаратты міндетті түрде ұсына отырып немесе рұқсат беру құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, авторизациялау сәтінен бастап қатенің нақты уақытын көрсете отырып, қате туындаған сәтке дейін қадамдық скриншоттарды қоса бере отырып хабардар етеді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

28. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не әрекет жасаса, ол шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 01.03.2022 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

30. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.03.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

- 1) техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу;
- 2) техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті берушіге және порталға арқылы өтініш берген кезде техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күні; 2) көрсетілетін қызметті берушіге және портал арқылы өтініш берген кезде техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 10 (он) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық түрде (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру немесе осы Мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық түрде. Өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "

		жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.00, 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 8.30, 9.00-ден 18.00 , 18.30-ға дейін.
		порталға: осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; егер бұзу мердігерлік тәсілмен орындалса, мердігерлік жұмыстарға арналған шарттың электрондық көшірмесі ұсынылады; егер жылжымайтын мүлік объектісінде бірнеше меншік иесі болған жағдайда, объектінің басқа меншік иелерінің кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

жұмыстар кешенін және оның параметрлерін жүргізуге нотариалды куәландырылған жазбаша келісімінің электрондық көшірмесін ұсыну қажет; егер құрылыстарды бұзу жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу олардың мүдделерін қозғайтын болса, үй-жайлардың (үй бөліктерінің) сабақтас меншік иелерінің нотариалды куәландырылған жазбаша келісімінің электрондық көшірмесін ұсыну қажет; ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыру құқығына тиісті аттестаты бар сарапшы не құрамында аттестатталған сарапшылары бар аккредиттелген ұйым берген ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау жөніндегі сараптамалық қорытындының электрондық көшірмесі; ЖЖЖ Заңның 60-бабының 2-тармағында көрсетілген объектілер бойынша қажет емес)/ жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының электрондық көшірмесі; объект авариялық деп танылған жағдайда, жергілікті атқарушы орган құратын ведомствоаралық комиссияның Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 795 бұйрығымен бекітілген Авариялық көп пәтерлі тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың А қосымшасына сәйкес бұзу туралы тиісті қорытындының электрондық көшірмесі.

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (

9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздемелер	<p>мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметі көрсетуден бас тартады.</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметінің байланыс телефондары Министрліктің www.miid.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік</p>

қызметтер көрсету мәселелері
жөніндегі бірыңғай байланыс
орталығы: 1414, 8-800-080-7777.

Объектілерді кейіннен кәдеге
жарату (ғимараттар мен
құрылыстарды бұзу) жөніндегі
жұмыстар кешенін жүргізуге
рұқсат беру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Ғимараттар мен құрылыстарды бұзу актісі

20__ жылғы " __ " _____

(объектінің атауы және орналасқан жері)

Кадастрлік нөмірі: _____

(жергілікті атқарушы органның атауы)

объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу)
жөніндегі

жұмыстар кешенін жүргізуге 20__ жылғы " __ " _____ № _____ берген
рұқсатқа және құрылыс-монтаждау жұмыстары басталғаны туралы берілген
20__ жылғы " __ " _____ № __ хабарламаға (қажет болған жағдайда) сәйкес

(хабарлама қабылдаған орган)

бұзу бойынша жұмыс 20__ жылғы " __ " _____ басталды және
20__ жылғы " __ " _____ аяқталды.

Біз, төмендегі қол қоюшылар, меншік иесі _____

(тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты), ЖСН - жеке тұлғаға, ұйымының
атауы –

заңды тұлғаға, БСН, пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің
атауы,

үйдің /ғимараттың нөмірі (стационарлық бөлменің)

және мердігер (егер бұзу мердігерлік тәсілмен орындалса) _____

— (ұйымының атауы, БСН, тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты, бұзу жүргізетін

тұлғаның лауазымы, мекенжайы, телефон, лицензия №, алған күні)

қосалқы мердігер ұйымдар (егер бұзу қосалқы мердігерлік ұйымдары орындаса) _____

— (ұйымының атауы, БСН, тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты, бұзу жүргізетін

тұлғаның лауазымы, мекенжайы, телефон, лицензия №, алған күні)

Техникалық қадағалаушы (егер талап етілсе) _____

— (ұйымының атауы, мекенжайы, телефон, аккредиттелген куәлігі №, алған күні (аккредиттелген куәлік болған жағдайда), жауапты сарапшының тегі, аты, бар болған

жағдайда әкесінің аты, аттестаттың мамандығы және №, алған күні дата)

Авторлық қадағалаушы (егер талап етілсе) _____

— (ұйымының атауы, мекенжайы, телефон, лицензия №, алған күні (егер жобаны әзірлеуші орындаса/авторлық қадағалау ұйымы орындаса) сарапшының тегі, аты, бар

болған жағдайда әкесінің аты, аттестаттың мамандығы және №, алған күні дата, мекенжайы, телефон) осы актіні жасады және жобаға (қажет болған жағдайда) сәйкес

объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізгені туралы растаймыз.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шаралар орындалды.

Ғимараттар мен құрылыстарды бұзу актісі сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарда міндетті есепке алынуға жатады.

Тапсырыс беруші	_____ _____ (тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты)	Мердің орны (болған жағдайда) (қолы)
Техникалық қадағалаушы	_____ _____ (тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты)	Мердің орны (болған жағдайда) (қолы)
Авторлық қадағалаушы	_____ _____ (тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты)	Мердің орны (болған жағдайда) (қолы)
Мердігер (бас мердігер)	_____ _____ (тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты)	Мердің орны (болған жағдайда) (қолы)
		<p>Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттармен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларына 3-қосымша</p> <p>Нысан</p> <p>Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның басшысы</p>
		<p>_____ (тегі, аты, ол бар болған жағдайда әкесінің аты, мемлекеттік органның атауы)</p>
		<p>_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, ол бар болған жағдайда әкесінің аты не көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлға ұйымының атауы) және (немесе) сенімхат бойынша)</p>
		<p>_____ ЖСН/БСН) мекенжайы</p>
		<p>_____ (заңды мекенжайы немесе тұрғылықты жері) байланыстар</p>
		<p>_____ (электрондық мекенжайы, телефон)</p>

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.03.2023 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кейіннен кәдеге жарату (ғимараттармен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге жататын

(объектінің толық атауы)

объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттармен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қабылдады (қолы) _____

Күні: 20__ жылғы "_____" _____

Тапсырды (қолы) _____

Объектілерді кейіннен кәдеге
жарату (ғимараттармен
құрылыстарды бұзу) жөніндегі
жұмыстар кешенін жүргізуге
рұқсат беру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттармен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат №

20__ жылғы " " _____ берілген

Жергілікті атқарушы орган басшысы _____

рұқсат берген органның атауы және басшының тегі, аты, ол бар болған жағдайда әкесінің аты ұсынылған құжаттамалар негізінде

тапсырыс берушінің (тегі, аты, ол бар болған жағдайда әкесінің аты – жеке тұлғалар үшін/ ұйымның атауы – заңды тұлғалар үшін)

(объектінің атауы мен орналасқан жері)

_____ объектісі бойынша кейіннен кәдеге жарату (ғимараттармен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат береді.
Бас мердігер (егер бұзу мердігерлік тәсілмен орындалса) _____

(ұйымның атауы)

Ескертпе:

Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат кәдеге жарату (ғимараттармен құрылыстарды бұзу) нормативтік ұзақтығының бүкіл мерзіміне ішінде қолданылады.

Жергілікті атқарушы органның _____
басшысы (қолы)

(тегі, аты, ол бар болған жағдайда
әкесінің аты)